

АБАЙ

UNIVERSITY

IV ҰЛТТЫҚ
ҚҰРЫЛТАЙ2
бетҒЫЛЫМ
АПТАЛЫҒЫ3
бет«ҰРКЕР» және
«ШЫҢ»4
бет№03-04
(248-249)сәуір
апрель

2024

2002 жылдың тамыз айынан бастап шығады

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

Қош келдің, ӘЗ-НАУРЫЗ!

20 наурызда Абай атындағы ҚазҰПУ-да қалыптасқан игі дәстүр бойынша «Қош келдің, Әз-Наурыз!» атты Наурыз мейрамы кең көлемде аталып өтті. Бұл тамаша мереке қазақ халқының бай мәдени мұрасын дәріптеуге, ұлттық салт-дәстүрлерді жаңғыртуға және жас ұрпаққа рухани құндылықтарды насихаттауға бағытталды.



Мерекелік іс-шараға белгілі қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері және басқа да құрметті қонақтар, сондай-ақ Абай университетінің ардагер ұстаздары, қызметкерлері, профессор-оқытушылар құрамы, студенттер қатысты.

Шараны Абай атындағы ҚазҰПУ Басқарма төрағасы – ректор Болат Тілеп құттықтау сөзімен ашты. Наурыз – халықтың ынтымағы мен бірлігін, жаңару мен жасампаздықты бейнелейтін мереке екенін атап өткен ректор, елдің ертеңі, келбеті мен келешегі көп жағдайда төл түлектердің кәсіби деңгейіне байланысты екенін айтып, осы орайда университеттің профессор-оқытушылар құрамы мен студенттерін ел өркендеуіне үлес қосуға шақырды.

«Тәуелсіз ел атануымыздың арқасында өшкеніміз жанып, үзілгеніміз жалғасын тауып, жоғымыз түгенделуде. Ұлтымыздың рухани қазынасы саналатын асыл мұраларымызды жас ұрпаққа насихаттаудың да жарқын үлгісі – осы бірлігі жарасқан бейбіт елімізде көрініс табуда. Қараусыз қалған мазарды шөп басады, қынаптан суырмаған қылышты тот басады де-

ген аталы сөз бар. Олай болса, Наурыз сияқты салт-дәстүріміздің мәртебесін үстем ету - баршамыздың ортақ парызымыз деп білемін. Самарқанның көк тасы еріген көктемнің осы бір күнінде сіздерге дүниенің бар жақсылығын, ырысы мен ынтымағын тілеймін. Наурыз мейрамы құтты болсын!», – деді ректор.

Мерекелік жиын барысында 9 киіз үй тігіліп, ұлттық өнерге ерекше көңіл бөлінетін мәдени шаралар ұйымдастырылды. Университет құрамындағы 8 факультет пен 1 институт қазақ халқының көнеден келе жатқан тұрмыс-салты мен дәстүрлерін көрсету бойынша өзара сайысқа түсіп, төмендегі номинациялар бойынша бақ сынады: «Думанды Наурыз», «Берекелі дастарқан», «Көрікті ұлттық киім», «Өнерлі орта», «Дәстүр жаңғыруы», «Креативті Наурыз», «Ұлттық спорт ойыны», «Наурыздың қазақ үйі».

Сонымен қатар, қонақтарға бауырсақ, қымыз, қазы-қарта ұсынылып, қазақтың асханалық дәстүрдің үздік үлгілері көрсетілді.

Іс-шара аясында ұлттық өнерге ерекше на-

зар аударылды. Қазақ халқының көнеден келе жатқан тұрмыс-салтын паш ететін түрлі ойындар ұйымдастырылды. Қолөнер шеберлері мен сурешілер зергерлік бұйым жасау, ұлттық нақыштағы көрме сынды дәстүрдің үздік үлгілерін ұсынды. Айтыс ұйымдастырылып, жарапазан айтылды.

Халық әндері шырқалып, қазақ биінің түрлі жанрлары орындалды, күмбірлеген күй шертіліп, төл өнер кеңінен дәріптелді. Ұлттық киімдегі өнерпаздар сахнаның ажарын ашып, халықтың эстетикалық талғамын айшықтады. Кеш барысында танымал әнші, сазгер Құдайберген Бекіш жиналған қауымға әннен шашу шашты. Қазақ халқының көне дәстүрлері қайта жаңғырып, жоғары деңгейде дәріптелді.

Мерекелік жиын – ұлттық құндылықтарды ұлықтап, жас ұрпаққа ата-баба дәстүрінің маңызын түсіндіруге бағытталған игі қадам. Ұлттық мәдениетіміздің асыл қазынасын дәріптеу, салт-дәстүрімізді насихаттау – қоғамның рухани кемелденуіне үлкен үлес қосатыны сөзсіз.

Баспасөз қызметі

Болат ТІЛЕП:

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ
МЕНТЕПЕН БАЙЛАНЫСЫН КҮШЕЙТУ КЕРЕК**



Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті республикада педагогикалық кадрлар даярлаудың ұстаханасы ғана емес, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік қолдау орталығы саналады. Басқарма төрағасы, ректор Болат Тілеппен сапалы білім, жаңа формациядағы мұғалім, білікті маман әзірлеу мүмкіндіктері туралы сұхбаттасқан едік.

– **Болат Анапияұлы, Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда ақын мерейтойына орай Абай институттары желісін күшейтуді тапсырды. Бүгінде бірқатар шетелде Қазақстан университеттері ашқан Абай орталықтары жұмыс істейді. Олар қандай әдістемеге, бағдарламаға сүйенеді?**

– Мемлекет басшысының бұл бастамасы ұлттық руханиятты әлемге танытып қана қоймай, осы институттар арқылы ауқымды ғылыми зерттеу жұмысын жүргізуге зор мүмкіндік ашды. Мұны Конфуций, Гёте, Сервантес институттарының көпжылдық тәжірибесінен көреміз.

Хакім Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде «Абайтану» пәні бойынша бірегей ғылыми мектеп қалыптасқан. Осы ғылыми әлеуетті пайдалана отырып, университет 2011 жылдан бастап шетелдік әріптес жоғары оқу орындары жанынан Абай орталығын құруды қолға алды. Бүгінге дейін Түркия, Польша, Қытай, Вьетнам, Ресей, Өзбекстан сияқты елдерден, ұзын саны 7 халықаралық орталық құрылды.

Енді осы орталықтардың жұмысын жүргізетін маман мәселесі қолбайлау болып отыр. Өйткені білікті абайтанушы-ғалымды тауып, оның жалақысы мен шетелде өмір сүруіне жағдай жасау қажет. Бізде мықты абайтанушы маман жетерлік. Бірақ университеттің оны шетелде ұстауға құқықтық та, материалдық та шамасы жете бермейді. Өкінішке қарай, осы мәселенің шешімі болмағандан кейін көп орталығымыз қағаз жүзінде қалып қояды. Сондықтан Ш.Рашидов атындағы Самарқанд мемлекеттік университеті жанынан Абай орталығын ашуды жоспарлап, маман мәселесін шешті. Жалпы, бұл орталықтың тұрақты жұмыс істеуіне Қазақстанның Өзбекстандағы елшісі Бейбіт Атамқұлов пен бірқатар отандық бизнес өкілі қолдау көрсетті. Соның арқасында Өзбекстанда Абай орталығының толыққанды ғылыми зерттеу үлгісін жасады.

– **Соңғы жылдары еліміздегі бірқатар жоғары оқу орны халықаралық рейтингте жоғары көрсеткішке ие болды. Алайда рейтинг пен сапалы білім әр кез үйлесе бермейтіні жиі айтылады. Рейтинге қатысудың қандай артықшылығы бар?**

– Жалпы, халықаралық рейтингтерге қатысу негізгі мақсат та, міндет те емес. Бұл академиялық, ғылыми әлеуетімізді және білім сапасын бағалап, оларды әлемдік трендтермен салыстыру арқылы даму бағдарын анықтап, жетілдіруге керемет мүмкіндік. Қазір университетіміз әлемдік ТОП-700-ге кіреді. Бұл – ҚазҰПУ сияқты бейінді жоғары оқу орны үшін жақсы көрсеткіш. Көздеген межеміз – ТОП-500. Қазірдің

Басы. Жалғасы 3 бетте



АБАЙ ЭНДАУМЕНТ ҚОРЫН ҚОЛДАУ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ЖАРҚЫН БОЛАШАҒЫНА ИНВЕСТИЦИЯ ЖАСАУ!

Абай атындағы ҚазҰПУ – отандық педагогикалық білім мен ғылымның бастауында тұрған еліміздің тұңғыш жоғары оқу орны. Университет өзінің ғасырға жуық тарихында мыңдаған мұғалімдер мен ғылыми-педагогикалық кадрлар даярлап, Қазақстанның зияткерлік әлеуетін қалыптастыруда маңызды рөл атқарып келеді. Білім ордамыз бүгінде сапалы білім мен саналы тәрбиені ұштастырып, еліміздегі жоғары білім беру жүйесінің көшін бастаған «Ұстаздар ұстаханасына» айналды.

Қазіргі жаһандану мен бәсекелестік жағдайында университеттер заман талабына сай өзгерістер мен жаңашылдыққа икемді болуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына кезекті Жолдауында: «Жоғары оқу орындары жаңадағы эндаумент-қорлар білім беру экожүйесін дамытудың негізгі буынына айналуға тиіс. Мақсатты капиталдың мұндай қорлары әлемдегі озық университеттерде ғылымды және инновацияны қаржыландырудың өзегі саналады», – деп атап өтті.

Осы мақсатта үздік дәстүрлерді жалғастыра отырып, білім беруді одан әрі дамыту үшін Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті жанынан «Abai Endowment Fund» Корпоративтік қоры құрылды.

Абай эндаумент қоры – университеттің ұзақ мерзімді стратегиялық дамуының бағдары. Қор арқылы біз білім беру және ғылыми жобаларды іске асыру үшін тұрақты қаржылық қолдауға ие боламыз.

«Abai Endowment Fund» Корпоративтік қорының мақсаты – ҚазҰПУ – да инновациялық ғылым мен білім берудің жаңа қырларын дамытуға ықпал ету, университеттік білімнің маңыздылығын қоғамға кеңінен насихаттау және ғалымдарды қолдау. Қор қызметі

аясында университет аумағын абаттандыру, кітапхана қорын толықтыру, университет инфрақұрылымын дамыту, студенттерге атаулы гранттар мен шәкіртақылар тағайындау, қайырымдылық шараларға атсалысу, сондай-ақ білім алушыларға материалдық қолдау көрсету жұмыстары жүзеге асырылады.

Абай Эндаумент қорының іске қосылуы бұл қазақстандық жоғары білім беру жүйесі үшін маңызды оқиға. Абай Университеті әлемнің үздік тәжірибелеріне сүйене отырып, Қазақстанда ғылым мен білім беруді қаржылық қолдаудың жаңа мәдениетін қалыптастырады.

Құрметті Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің түлектері, ұстаздары мен студенттері! Қадірлі іскер серіктестері!

Сіздерді ғасырлық тарихы бар, еліміздің тұңғыш жоғары оқу орны - Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің **Абай Эндаумент қорын қолдауға шақырамын!**

Сіздің үлесіңіз - бұл жай ғана көмек емес, бұл біздің alma mater-дің болашағына инвестиция.

Дәл осы қолдауларыңыз - білім сапасын жақсартуға, ғылыми зерттеулерді дамытуға, студенттер мен оқытушылар үшін мүмкіндіктер жасауға, сондай-ақ Абай университетінің халықаралық аренадағы беделін нығайтуға мүмкіндік береді.

Абай Эндаумент қорын қолдау - ұлтымыздың жарқын болашағына инвестиция жасау!

Біздің банктегі есеп шотымыз «Abai Endowment Fund» Корпоративтік қоры.

Құрметпен, **Аппарат басшысы**
Жанатбек ІШПЕКБАЕВ



IV ҰЛТТЫҚ ҚҰРЫЛТАЙДА КӨТЕРІЛГЕН МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Абай университетіне Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Нұржанұлы Отарбаев арнайы келіп, университеттің басқарма басшылары, профессорлық-оқытушылар құрамы мен жас ғалымдары және білім алушы жоғары курс студенттерімен кездесу өткізді.



Жиын барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Ұлттық құрылтайдың IV отырысында көтерген тапсырмалары талқыланып, әсіресе ғылым, білім және педагогиканы дамытуға қатысты айтылған бастамаларды жүзеге асыру мәселелері қаралды. Сонымен қатар, ғалымдар мен жас зерттеушілердің қоғам дамуына әсер ететін өзекті мәселелері бойынша баяндамалары тыңдалды.

Іс-шараның алғы сөзінде университеттің Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп 2011 жылдан бері халықаралық деңгейде Abai University шет мемлекеттегі серіктес жоғары оқу орындарының базасында 7 халықаралық Абай орталығы жұмыс істеп тұрғандығын айтып өтті. Сондай-ақ, ректор: «Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Ұлттық құрылтайда көтерген бастамасының бірі шетелдерде «Абай институттарын» ашуды ұсынуы болды. Бұл туралы Мемлекет басшысы: «Биыл ұлы Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толады. Мен осыдан бес жыл бұрын ұлы ойшылдың туғанына 175 жыл толуына орай Семейде абайтанушы ғалымдармен кездестім, сол кезде Абай институтын құру туралы ұсыныс айттым. Бүгінде бұл бастама

цифрлық платформа форматында іске асырылды, яғни біздің диаспоралар мен басқа да шетелдіктерге қазақ тілін үйрету құралы ретінде жұмыс істеп тұр. Енді осы жобаны толыққанды мәдени-ағарту мекемелеріне айналдыру қажет. Бұл құрылым Конфуций, Гете, Сервантес институттары сияқты жұмыс істеуі керек. Абай институты негізгі серіктес елдердің бәрінде төл мәдениетімізді насихаттайтын орталық болуға тиіс», - деген болатын. Бұл - тек әлем танитын ұлы ақынның және қазақ ойшылының 180 жылдығы қарсаңында оның мұрасын дәріптеу ғана емес, сондай-ақ ұлттық рухты кеңінен насихаттайтын маңызды идеологиялық бастама деп есептеймін. Сонымен қатар, Президенттің бастамасын толық қолдай отырып, біз Абай институттарының жаһандық желісі Қазақстанның халықаралық ғылым мен білім беру кеңістігіне енуіне, еліміздің имидждік саясатын дамытуға зор үлес қосады деп санаймыз», - деді.

Ал Президент кеңесшісі Мәлік Отарбаев баяндамасында Мемлекет басшысының Ұлттық құрылтайда көтерген негізгі мәселелеріне тоқталып, Заң мен тәртіпті сақтау, қоғамдық мәдениетті дамыту, ғылым мен білімге инвестиция салу, тарихи әділдікті сақтау және ұлттық бірлікті нығайту қажеттігін ерекше атап өтті.

Сондай-ақ, ол: «Мемлекет басшысының атап өткен төрт негізгі бағыты - цифрландыру және жасанды интеллект, көлік тасымалы, энергетика, агроөнеркәсіп кешені және адам капиталы - еліміздің инновациялық дамуының кешенді стратегиясы екенін көрсетеді. Осы салаларды жасанды интеллект технологиясымен біріктіру арқылы Қазақстан аймақтық қана емес, жаһандық деңгейдегі технологиялық көшбасшыға айнала алады», - деп, Ұлттық құрылтайдың IV отырысында Үкіметке озық цифрлық тәсілдер мен жасанды интеллектке қолайлы орта кәліптастыру жұмыстарын күшейту тапсырылғанын тілге тиек етті.

Іс-шара соңында Ұлттық құрылтайда көтерілген өзге де маңызды мәселелер талқыланып, шара қатысушылары өз ойларымен бөлісті.

Баспасөз қызметі

ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ МҰРАСЫНА АРНАЛҒАН КІТАПТАРДЫҢ ТҰСАУКЕСЕРІ



Абай атындағы ҚазҰПУ Тарих және құқық факультетінде Ғылым декадасы аясында XX ғасыр қазақ зиялыларының мұрасына арналған кітаптардың тұсаукесері өтті. Іс-шара барысында Мағжан Жұмабаев, Ілияс Жансүгіров, Базарқұл Данияров, Қасым Тыныстанов, Ишанғали Мендіханов, Шамғали Сарыбаев, Қажым Басымовтың бұрын жарық көрмеген еңбектері, Бейсембай Кенжебаев туралы құжаттар мен материалдар жинағы және бұрын жарияланбаған «Сәуле» журналы таныстырылды.

Іс-шара барысында сөз сөйлегендер: тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, тарих және құқық факультетінің деканы Ғабит Кенжебаев, ҚР Орталық мемлекеттік архивінің директоры Сабит Шілдебай, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Ахметтану» бөлімінің жетекшісі Маралбек Ермұхамет, тарих ғылымдарының докторы, доцент, «DNLab: цифрлық тарих және білім зертханасы» лабораториясының меңгерушісі Жангүлтин Бауржан Олжабаевич, филология ғылымдарының кандидаты, Сарыбаевтар отбасылық мұрағатының сақтаушысы Майра Сарыбай және басқа да жетекші тарихшылар.

Құрметті қонақ ретінде Қырғызстан Республикасынан келген Базарқұл Данияровтың жиені және оның атындағы қордың негізін қалаушы Әсел Даниярова қатысты. Базарқұл Данияров - Қырғызстандағы бастауыш, орта және жоғары білім берудің негізін қалаған ағартушы-педагог, өз замандастарымен бірге республика мәдениеті мен білімінің көрнекті қайраткерлерін тәрбиелеген, алғашқы оқу бағдарламалары мен оқулықтарды дайындаған тұлға.

ДАРЫНДЫ СТУДЕНТТЕРГЕ «АБАЙ» ШӘКІРТАҚЫСЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ

«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ 2024 жылы дарынды студенттерін қолдау мақсатында «Абай» шәкіртақысын тағайындау туралы Ережесін бекіткен болатын. Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілептің бастамасымен қолға алынған жаңа бағдарламаға алғаш рет 20-дан астам студенттер қатысып, 10 білім алушыға конкурс нәтижесінде «Абай» шәкіртақысы тағайындалған болатын. Биылғы оқу жылында осы 10 тұңғыш «Абай» шәкіртақысының иегерлері Президенттік шәкіртақы иегерлері болғанын айтқымыз келеді.



Үстіміздегі жылы бұл игі бастама жалғасын тауып, ұлы Абайдың 180 жылдығы қарсаңында студенттерді қаржылық қолдаумен қатар, академиялық жетістікке жетуге ынталандыруға ықпалын тигізуде. 2025 жылғы 4 сәуірде «Абай» шәкіртақысын алуға үміткер университеттің тек үздік оқитын 27 білім алушылары арасында тәуелсіз комиссия іріктеу өткізді. Нәтижесінде «Абай» шәкіртақысы оқу үлгерімі «өте жақсы», сонымен қатар университеттің ғылыми-зерттеу және қоғамдық іс-шараларында белсенділігімен ерекшеленген 10 білім алушыға тағайындалып отыр.

Конкурс нәтижесі бойынша «Абай» шәкіртақысының төмендегі иегерлері анықталды: Мижитова Фируза Рахимжановна (Тарих және құқық факультеті), Мұханова Аяулым Алдабергенқызы (Тарих және құқық факультеті), Есенәлі Алтынай Байғалиқызы (Математика, физика және информатика), Айдабай Айғаным Айтұғанқызы (Математика, физика және информатика), Бежан Диана (Жаратылыстану және география факультеті), Казиебаева Жансая Габитовна (Педагогика және психология факультеті), Воротникова Елизавета Сергеевна (Педагогика және психология факультеті), Данильчук Валерия Николаевна (Сорбонна-Қазақстан институты), Тілеубай Арсен (Сорбонна-Қазақстан институты), Азиз Мадина Иманғалиқызы (Филология факультеті). «Абай» шәкіртақысының иегерлеріне бір академиялық кезеңге стипендия тағайындалып, ай сайын төленеді.

Жеңімпаздарды және барлық қатысушыларды құттықтаймыз!

Бауыржан НАЙМАНОВ

АБАЙ ҰНИВЕРІНІҢ ӨКІПДЕРІ ҚЫТАЙ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІЛІМ КӨРМЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ



Байбосынов пен Филология факультеті қытай тілі және қытайтану кафедрасының меңгерушісі Гулия Алиханқызы қатысып жатыр.

Халықаралық білім беру көрмесі алдында (CIEET 2025) «Сапа, сенім және қауіпсіздік: шетелдегі білім берудің тұрақты әрі орнықты дамуы» атты халықаралық форум өтті. Оған әлемнің 200-ден астам жоғары оқу орнынан келген мыңнан астам делегат қатысты.

Форум негізінен студенттерге халықаралық білім беру саласындағы үш негізгі элемент - сапа, басқару және қауіпсіздікке назар аударып, білім беру жүйесін жақсартуды, студенттерді бағалау жүйесін, студенттердің қауіпсіздігін, оқу мен жұмысты байланыстыруды талқылайды. Сонымен қатар білім алмасудағы қиындықтарды шешуді, жаһандық білім беру басқаруына қатысуды нығайтуды көздейді. Қытай Халық Республикасының Білім министрлігінің қолдауымен CIEET шетелде білім беру бастамаларының сапалы дамуына ықпал етуге, сондай-ақ Қытайдың білім беру саласындағы ашықтығын жеделдетуге және кеңейтуге бағытталған маңызды шара саналады. Ал халықаралық білім беру көрмесін (CIEET 2025) дәстүрлі түрде Қытайдың ғылыми алмасуға қызмет көрсету орталығы (CSCSE) ұйымдастырып келеді. Бұл көрме - Қытайдағы ең ықпалды және ауқымды халықаралық білім беру көрмелерінің бірі.

CIEET-2025 көрмесі Қазақстан мен Қытай арасындағы білім беру саласындағы ынтымақтастықты одан әрі кеңейтуге, екі елдің білім мен ғылымның дамуына ықпал етуге және Абай университетінің білім саласындағы мықты жақтарын көрсетуге және шетелдік талапкерлерді тартуға мүмкіндік береді. Ғылыми алмасуға қызмет көрсету орталығының өкілдері мен көрмені ұйымдастырушылар Абай университетіне осы іс-шараға қатысқаны үшін арнайы алғысын білдірді.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Филология факультетіндегі қытай тілі және қытайтану кафедрасының «Шығыс және ағылшын мұғалімі» мамандығы бойынша қазіргі уақытта 118 студент, ал «Шетел тілі: екі шетел тілі» мамандығы бойынша 173 білім алушы оқып жатыр.

«ҮЗДІК СТУДЕНТ – 2025» БАЙҚАУЫ ӨТТІ

14 сәуірде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Педагогика және психология факультетінің ұйымдастыруымен дәстүрлі Ғылым апталығы аясында 2 және 3-курс білім алушылары арасында «Үздік студент - 2025» байқауы өткізілді. Аталмыш іс-шара ұлы ойшыл, ағартушы Абай Құнанбайұлының 180 жылдық мерейтойына арналды.

Байқаудың негізгі мақсаты - оқу үдерісінде, студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарында, спорт, өнер, шығармашылық және басқа да салаларда жоғары жетістікке жетіп, белсенділік танытып жүрген студенттерді анықтап, оларды қолдау және ынталандыру.

Байқауға факультеттің белсенді, озат



оқитын білім алушылары қатысты. Қатысушылар өздерінің жан-жақты қабілеттерін көрсетіп, жоғары деңгейде сынға түсті.

Қорытынды бойынша бастауыш білім беру бағдарламасының студенттері жүлделі орындарға ие болды: «Үздік студент - 2025» атағы мен I-дәрежелі диплом Бастауыш білім ақпараттық-коммуникациялық технологиялармен білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Гүлназ Берікқызына берілді. II-дәрежелі дипломмен Бастауыш білім көптілдікпен білім беру бағдарламасының 2-курс студенті Шахриза Мұғау марапатталды.

Іс-шара соңында факультет деканының оқу ісі жөніндегі орынбасары Ақтоты Ақжолова жеңімпаздарды құттықтап, алғыс білдіріп, барша қатысушыларға алдағы білім жолында табыс тіледі.

Баспасөз қызметі

ЕРЛІК КӨРСЕТКЕН КОС СТУДЕНТКЕ АЛҒЫС БІЛДІРДІ

Абай университетінің академиялық қызмет жөніндегі проректоры Бану Нарбекова өртеніп жатқан үйден отбасы мүшелерін құтқарып, «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалімен марапатталған ағайынды университет студенттері Нұрасыл Әлімтаев пен Ернар Тұрғынды қабылдап, көрсеткен ерліктері үшін Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілептің арнайы Алғыс хатын табыстады.



«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті сіздерге өрт кезінде көрсеткен батылдығыңыз бен ерлігіңіз үшін шынайы алғысын білдіреді. Сіздердің жылдам әрі жанқиярлық іспен жасалған әрекеттеріңіз – өзгелердің өмірін сақтап қалуға зор үлес қосты. Өрттен зардап шеккен отбасына көмектеріңіз – жеке батылдығыңызбен қатар жоғары адамгершілік пен жауапкершілік қасиеттеріңізді дәлелдейді. Көрсеткен ерліктеріңіз – баршамыз үшін үлкен үлгі!», – деді Бану Нарбекова.

Естеріңізге сала кетейік, 2 наурыз күні Алматы қаласының Жетісу ауданындағы тұрғын үйлердің бірінен өрт шығып, студенттер қатты түтін мен лапылдаған жалынға қарамастан, шұғыл түрде 112 қызметіне хабарлап, кейін от ішінен адамдарды алып шыққан болатын. Үйде көмексіз қалған - 64 жастағы әйел мен 17 және 6 жастағы қыз балалар құтқарылды.

ТЖМ бұл ерлікті ерекше атап, студенттердің батылдығын ескере отырып «Өртте көрсеткен қайсарлығы үшін» медалімен марапаттады.

Айта кетейік, өз өмірлерін қатерге тігіп, қоғамдық жауапкершілік пен батыллықтың жарқын үлгісі болған Нұрасыл Әлімтаев Өнер факультетінің 4 курс студенті болса, ал Ернар Тұрғын Дене шынықтыру және спорт факультетінің 3 курс студенті.

Айгүл БИТИБАЕВА

Жалғасы. Басы 1 бетте

өзінде Абай университеті еліміз бен Орталық Азияның педагогикалық білім жүйесінде жетекші орынға ие. Оған негіз болған, әрине, осы 97 жылда жинақталған зор академиялық тәжірибе мен ғылыми-әдістемелік мектеп. Біздің университеттің тарихы сонау 1918 жылы Ташкентте Сұлтанбек Қожановтың атсалысуымен ашылған тұңғыш «Қазақ мұғалімдер курсынан» бастау алады. Араға 10 жыл салып осы курстар негізінде Алматыда Алаш зиялылары Санжар Асфендияров, Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әлімхан Ермеков, Мұхтар Әуезовтің қатысуымен Қазақ университеті, одан бері Қазақ педагогикалық институты пайда болады. Демек оның алғашқы оқу-әдістемелік жүйесін құрған да, бәсекеге қабілетті білімнің іргетасын қалаған да осы ұлт зиялылары еді.

Жүз жылға жуық тарихында оқу ордасынан 250 мыңнан астам түлек түлеп ұшты. Еліміздегі 7 мыңнан астам мектептің барлығында дерлік біздің университетті бітірген түлектер жемісті еңбек етеді. Алдағы уақытта да шағын кешенді және жайлы мектептерге сапалы кадр даярлауда бай тәжірибесімен қатар университет жоғары ғылыми академиялық әлеуетін күшейте бермек.

— **Бүгінде педагогикалық жоғары оқу орнын бітірген түлектерді сертификаттау үрдісі қолданыла бастады. Енді оқу-әдістемелік, ғылыми әлеуеті басым оқу орнын бітірген түлектер үшін қосымша тестілеуден өту қаншалықты қажет?**

— Ұстаз — бала санасының падишасы. Сондықтан баламен жұмыс істейтін әрбір маман (ата-анадан бөлек әрине) үшін қосымша сынақ жүйесі міндетті түрде болуы керек. Бұл — менің жеке ойым. Мәселенің байыбына бару үшін оның себебін жан-жақты қарастыру қажет. Бүгінде республика өңірлеріне педагог кадрларды 2 ұлттық, 3 өңірлік жоғары оқу орны даярлайды. Абай университеті — осы оқу орындарының қатысуымен құрылған оқу-әдістемелік бірлестіктің негізгі үйлестіруші орталығы. Яғни университеттегі барлық білім бағдарламасы осы бірлестіктің елеуінен бір өтсе, халықаралық аккредитациядан тағы өтеді. Ал енді бұл бағдарламаны студент игере алмай, қосымша сынақтан өте алмай жатса, онда мәселенің себебін мектептен іздеу қажет. Атап айтсақ, мектеп бітірген түлектердің жоғары оқу орнына дайындықсыз келуі. Меніңше, бұған мектептегі білім сапасына ғана емес, педагогикалық жоғары оқу орындары мен мектептер арасындағы байланыстың дұрыс жолға қойылмағандығына артылатын әділетті айып деп қарау керек. Өйткені бәсекеге қабілетті маман даярлаудың негізі оқу үрдісінің тәжірибеге сүйенуімен тығыз байланысты.

Соңғы жылдары осы олқылықтың алдын алу үшін университетте «Мамандыққа кіру» жобасы іске асты. Түлектер мектептерге бармастан бұрын бағалау тестінен өтеді. Енді мәселенің

жағымды түсіне тоқталар болсам, университетке студенттердің 80-85 пайызы ауылдан келіп оқиды. Олардың дені еңбек жолын ауыл мектебінен бастайды. Былтырдан бастап 4-курс студенттерін мектептерге 7 ай тәжірибеден өтуге жіберу үрдісі қолға алынды. Нәтижесі жаман емес. Тек бір ғана дуалды оқыту бойынша былтыр 40 шақты студент білім алып, жұмысқа орналасты. Биыл бұл көрсеткіш 108-ге жетіп отыр. Дуалды оқытудан тыс 300-ден астам студент тәжірибеден өткен мектепте жұмысын жалғастырады. Алдағы оқу жылында студенттерді толықтай бір курс бойы тәжірибеден өтуді іске асырғалы отырмыз.

— **Білімі озық елдер үлгісін оқу үрдісіне енгізу тәжірибеді бар. Бүгінде сапалы білім беруде көш бастаған елдер тәжірибесінде педагогтерге қандай талап қойылады? Олар несімен озық?**

— Дамыған елдерде педагог мамандығы рухани да, материалдық жағынан да жоғары мәртебеге ие. Мысалы, Еуропада мұғалімдер даярлайтын озық университеттің барлығы тәжірибеге негізделген оқу жүйесіне сүйенеді. Инфрақұрылымы да, білім жүйесі де соған бейімделген. Студенттер түске дейін университеттің бір оқу корпусында теориялық білім алса, келесі оқу корпусында бастауыш орта мектепте сабақ беріп, алған білімін тәжірибемен ұштастырады. Бұл студенттің мектеп өміріне тікелей араласуына мүмкіндік береді. Орта білімі озық елдер Финляндия, Сингапур, Оңтүстік Корея, Жапонияның қай-қайсысын алсақ та, табысты білім жүйесінің негізгі факторы - педагогикалық жоғары оқу орындарына, мұғалімдерді даярлау жүйесіне қойылатын талаптың жоғарылығы. Оқу орындарына іріктеу қатаң. Сол үшін де мұғалім мамандығы ең беделді. Оқуға түсуге үміткерлер жоғары академиялық көрсеткіштерке ие болуымен қатар бірнеше кезеңнен тұратын күрделі конкурстан өтіп, педагогикалық қабілетін дәлелдейді. Болашақ мұғалімдер өз пәнін ғана емес, сонымен қатар заманауи оқыту әдісін, психологияны, инклюзивті білім және цифрлық технологияларды меңгеруі шарт. Мұғалімдерді даярлау мектептегі ұзақмерзімді тәжірибелік жұмыстармен ұштасып, шебер тәлімгерлердің жетекшілігіне жүгінеді. Мысалы, Финляндияда педагогикалық мамандыққа түсу өте қиын. Үміткерлердің 10 пайызы ғана қабылданады. Мұғалім болып жұмыс істеу үшін магистр дәрежесін алу міндетті, педагогикалық тәжірибеге, зерттеушілік қызметке басымдық беріледі. Сингапурда жоғары оқу орындарына қабылдау жоғары бәсекелестік негізінде жүргізіледі. Мұғалімдерге тұрақты жоғары жалақы, мансаптық өсу мүмкіндігі қарастырылған. Педагогтердің кәсіби дамуына үздіксіз инвестиция салынады. Ал Жапонияда ұстаз мәртебесі, тіпті, сакралды сипатқа ие. Осы орайда сапалы кадрлар даярлау ісінде әлемдегі озық жүйелерге арқа сүйеп, заманауи сапалы білім деңгейіне жетуді мақсат етіп келеміз.

— **Университетте бұл бағытта іске асып жатқан жобалардың нәтижесі туралы айтаңыз?**

— Біз қоғамның қажетіне, менталитетіне сәйкес озық үлгілерге арқа сүйейміз. Осы орайда Дүниежүзілік банктің қолдауымен 2023 жылдан бастап «Педагогикалық әлеуетті күшейту» жобасы аясында ғылым және жоғары білім министрлігі, Назарбаев университеті және Финляндияның HAMK University, JAMK University сарапшыларының қатысуымен әзірленген 30 инновациялық білім бағдарламасы негізінде кадрларды республика деңгейінде даярлау қолға алынды. Бүгінде 1-2-курс студенттері педагогикалық білім берудің жаңа моделін меңгеріп, заманауи цифрлық трансформациядан өтіп, жаһандану талаптарына бейімделіп жатыр. Ал білім бағдарламаларының бәсекеге қабілеттілігін жыл сайын халықаралық ұйымдар аккредитациядан өткізеді. Осыған орай университеттің 189 білім бағдарламасы сараптамадан өтіп, оның 30 пайызы заман талабына сәйкес келмейтіні анықталды. Осылайша, білім бағдарламаларын заман талабына сай жаңалап отыру үрдісі тиімді іске асты.

— **Елімізде шетел университеттерінің филиалы ашылып, қос дипломды бағдарлама жүзеге аса бастады. Бірлескен білім бағдарламасының тиімділігі қандай деп ойлайсыз?**

— Тиімділігі айтарлықтай жоғары. Өйткені университет негізінен әлемнің ТОП-500 университетіне кіретін жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық орнатуды мақсат етеді. Қазіргі таңда алыс-жақын 26 елдің жоғары оқу орны, ұйымдары және ғылыми-зерттеу институттарымен ынтымақтастықта 139 халықаралық шарт пен меморандумға қол қойылды. Серіктес 30 жоғары оқу орны бар. Олардың 10-ы ТОП-500 университет қатарында. Франция, Польша, Ресейдің жоғары оқу орындарымен 14 қос дипломды бірлескен бағдарлама іске асып жатыр. Быыл Қытай, Түркия, Ресей, Еуропа жоғары оқу орындарымен қос дипломды білім бағдарламалар санын 25-ке дейін ұлғайту көзделіп отыр. Оқытудың бұл түрі студенттерге де, университет үшін де көптеген артықшылық береді. Қос диплом алған студенттер бәсекеге қабілетті.

— Жоғары оқу орындары инновациялық әлеуетін арттырып, тәжірибеге бағытталған салаларға басымдық беруде «зерттеу университеті» мәртебесін алуды мақсат етеді. Педагогикалық оқу орны үшін «зерттеу университетінің» жаңашылдығы қандай болмақ?

— Жаңашылдық, әрине, бар. Айталық, Абай университеті 2023-2029 жылдарға арналған даму бағдарламасына сәйкес білім саласындағы ғылыми зерттеулердің күн тәртібін анықтайтын «педагогикалық зерттеу университетіне» айналуы көзделіп отыр. Осы уақытқа дейін университетіміз негізгі миссиясын мектептерге мұғалім даярлау ісі деп бағалады. Десе де, қаншалықты жалпыұлттық деңгейде болса да, оқу орны жылда 2,5-3 мың педагог маманнан артық даярлай

алмайды. Ал бұл көрсеткішпен бір Алматы мен Жетісу өңірінің тапшылығын өтеуі қиын. Әр өңір өз маман тапшылығын сол өңірдегі ЖОО арқылы шешуге тиіс. Ал Абай университеті, ұлттық академиялық басымдық орталығы ретінде, мықты ғылыми-методикалық базасы бар зерттеу университеті дәрежесіне көтерілуі керек.

Осы мақсатта университеттің жоғары ғылыми кадрлық әлеуетіне, ғылыми зерттеу жұмысына басымдық берілген. Былтыр 100-ден астам ғылыми жоба жүзеге асса, «Abai LABS» ғылыми-инновациялық парк жанында 11 ғылыми зертхана және орталық жұмысы жанданып жатыр. Былтыр ғылым және жоғары білім министрлігінің ғылым комитеті тарапынан жалпы сомасы 1,7 млрд теңгеге 73 ғылыми жоба қаржыланды. Университетішілік шағын ынталандыру жобаларына 145 млн теңге бөлініп, 32 ғылыми жоба іске асты. Биыл бұл бағыттағы жобаларға 206 млн теңге бөлініп, 43 ғылыми жобаға конкурс жарияланды.

— Елімізде жалпы білім беретін, сондай-ақ жекеменшік мектепте ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту көкейкесті мәселенің бірі. Осы бағыттағы жұмыстарға тоқталсаңыз?

— Абай атындағы ҚазҰПУ инклюзивті білім, арнайы педагогика саласына мамандар даярлайтын бейінді оқу орны саналады. Біздің ғалымдар инклюзивті педагогика бағытында бірегей ғылыми-әдістемелік базасын қалыптастыра отырып, ерекше білім қажеттілігі бар балаларды оқытудың заманауи әдістемесін әзірлейді. Бұдан бөлек, орта білім ұйымдарына, арнайы инклюзивті мектептерге, аутизм орталықтарына университет мамандары тарапынан әдістемелік көмек көрсетіледі. Жақында университетте мұғалімдер мен практиктер үшін инклюзивті білім берудің виртуалды зертханасы ашылды. «Инклюзивті білім беру ортасы», «Арнайы педагогика» бағыттары бойынша біліктілік арттыру курстары өтіп тұрады. Магистратура деңгейінде «Арнайы педагогика: аутизм спектрі бұзылған балаларды қолдау», «Эргопедагогика», «Клиникалық психология» білім беру бағдарламасы әзірленді.

Жалпы алғанда, Абай университетінің бұл бағыттағы ғылыми әлеуеті мемлекеттік немесе жекеменшік мектептерде ерекше қажеттілігі бар балаларды оқыту мәселесін шешуге қауқарлы. Бұл жолда бізге кедергі ең үлкен проблема — университеттің өзіне тиесілі тәжірибелік алаңдар мен лайықты инфрақұрылымның болмауы. Оны шешудің тиімді бір жолы ретінде Алматы қаласы әкімдігіне біздің жоғары оқу орнының Педагогика және психология факультетіне жапсарлас орналасқан С.Бегалин атындағы балалар кітапханасының қазіргі таңда бос тұрған қапталында ерекше балаларды оңалту ресурстық орталығын құру туралы ұсыныс жасаған едік. Оң жауап аламыз деген үміттеміз.

Әңгімелескен — **Эльвира СЕРІКҚЫЗЫ**,
«Egemen Qazaqstan» газеті

ҒЫЛЫМ АПТАЛЫҒЫ ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

14 сәуірде Абай университетінде ұлы ойшыл, ақын және ағартушы Абай Құнабайұлының 180 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған дәстүрлі Ғылым апталығының жабылу салтанаты өтті. Бұл апталық білім мен ғылымның тоғысқан тұсында еліміздің ғылыми-зерттеу бағыттарын жаңа белеске көтеруді мақсат еткен маңызды іс-шара ретінде есте қалды.

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан «Ғылым апталығы» бұл — ғылымды дәріптеу, жастардың ғылыми шығармашылығына қолдау көрсету, ғылыми жаңалықтарды көпшілікке танытуға бағытталған маңызды шара. Ал биылғы апталықтың ерекшелігі — Абай мұрасын ғылым тілінде тануға ұмтылыс, заманауи педагогиканың дамуындағы ұлттық құндылықтардың рөлін талқылау және болашақ ғалымдарды ынталандыру болды.

Биыл оқу орнының ғылыми әлеуетін дамыту, білім алушылардың ғылымдағы талпыныстарына қолдау көрсету, оларды ғылыми ізденістерге қызықтыру мақсатында «Ғылым апталығы-2025» аясындағы шаралар легі 7-14 сәуір аралығында жүзеге асып, 120-ға жуық іс-шара ұйымдастырылды. Олардың қатарында шетелдік және отандық жоғары оқу орындары ғалымдары мен ізденушілерінің қатысуымен түрлі бағыттағы жиындар, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар, жас ғалымдар арасындағы байқаулар, семинарлар мен тренингтер, шетелдік сарапшылардың дәрістер сериясы, Ted форматындағы кездесулер бар.

Сонымен қатар, ғылым апталығы «Abai Labs» ғылыми-инновациялық техно-паркінің ашылуынан бастау алып, университетіміздің жетекші ғалымдары, профессор-оқытушылық құрамы мен жас зерттеушілерінің жетістіктері көрмелерге қойылды. Ғылыми-зерттеу бағытындағы жобалар, стартаптар, ғылыми семинарлар мен воркшоптар жоғары деңгейде ұйымдастырылды. Сондай-ақ, «Abai Labs» ғылыми-инновациялық паркіне қарасты

«Білім берудегі VR/AR технологиялары» ғылыми зертхананың ашылу рәсімі өтті. Бұл заманауи білім беру технологияларын дамытуға бағытталған маңызды қадам. Зертхана жаңа буынды виртуалды және толықтырылған шынайылық технологияларын білім беру үдерісіне енгізуге арналған.

Ғылым апталығының жабылу салтанатында университет басшылығы апталық аясында белсенділік танытқан оқытушылар мен студенттерге, қатысушылар мен жас ғалымдарға алғысын білдірді.

Басқарма төрағасы-ректор Болат Тілеп құттықтау сөзінде: «Ғылым — ұлттың даму көзі. Біз тек білім беріп қана қоймай, ғылыми ойдың көшбасшысына айналуымыз керек. Абай Құнабайұлының 180 жылдығы аясында ұйымдастырылған бұл ғылыми апталық — өткен мен бүгінді, рухани мұра мен заманауи ізденісті жалғасқан алтын көпір болды», — деп атап өтті.

Салтанатты кеш барысында факультет декандары, профессорлық-оқытушылар құрамы және жас зерттеушілер кеңесі мен ғылыми қызметкерлер Қазақстанда атом электр станциясын



салу мәселесі бойынша республикалық референдумды дайындауға және өткізуге белсенді атсалысқаны үшін Қазақстан Республикасының Президентінің Алғыс хатымен, «Ғылыми мектептің сара жолын қалыптастырғаны үшін» жетекші ғалымдар, Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігінің Қазақ тілінің мәртебесін көтеруде шығармашылық белсенділік танытқаны, гуманитарлық салада ынтымақтастықты нығайтуға және дамытуға елеулі үлес қосқаны үшін «Ахмет Байтұрсынұлы» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ғылымды дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы ерекше еңбегі үшін «Білім беру ісінің құрметті қызметкері» төсбелгісімен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің «Ғылым үздігі» құрмет дипломдарымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Құрмет грамотасымен, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің Алғыс хатымен, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Білім саласын дамыту жолында қол жеткен табыстары және оған қосқан үлесі үшін «Алғысы» хатымен, «Ардагер ғалымдар» номинациясымен, «Факультет пен ғылыми жобаларды табысты басқарғаны үшін» номинациясымен, «Үздік оқытушысы — 2024», «Үздік ғылыми қызметкер — 2024», «Ғылыми кадрларды даярлаудағы үздік жетекші», «Ғылым апталығында ғылыми іс-шараларды ұйымдастырудағы белсенділігі үшін» марапатымен, Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жас ғалым» гранты үшін алғыс хатымен және үздік ғылыми баяндама авторлары, ғылыми жоба жеңімпаздары мен жетекшілері, белсенді зерттеушілер алғыс хаттармен, дипломдармен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Айта кетейік, Абай атындағы ҚазҰПУ — Қазақстан ғылымының алдыңғы қатарлы орталығы. Университетте соңғы бес жылда 200-ден астам ғылыми жоба жүзеге асып, 5000-нан астам мақала жарық көрді.

Айнұр ҮНДІБАЕВА

СТУДЕНТТІК КОНФЕРЕНЦИЯ – МЕКТЕП САРАПТАМАСЫНДА

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Астана қаласындағы Білім беру институты Ғылым күніне орай 2025 жылғы 12 сәуірде «Білім беру жүйесіндегі жас зерттеуші: сыни көзқарас, жобалық шешімдер» тақырыбында І-ші студенттік ғылыми-тәжірибелік конференциясын өткізді.



Ғылыми конференция бірінші курс студенттерінің функционалдық сауаттылығын дамыту, ғылыми еңбектерді зерделеуге баулу, академиялық жазу, ғылыми пікірталасқа түсу, ана тілінде және орыс/ағылшын тілдерінде кәсіби сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, білім беру жүйесінің нақты мәселелеріне сыни көзқарас білдіру және ғылыми негізделген жобалық шешімдер ұсынууды үйрету мақсатында ұйымдастырылды.

Институт бастамасын Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті М.Тыныбаева қолдап, мектептермен ынтымақтастықты жолға қоюға жағдай жасады. Бұл тұрғыда Білім беру институты академияның 2021-2023 жылдары жүзеге асырған «Білім және ғылым жүйесін жаңғыртудың ғылыми негіздері» атты ғылыми-техникалық бағдарламасының нәтижелеріне сүйенді. Бағдарламада атап өтілген ЖОО мен мектеп арасындағы мазмұнды байланыс - педагогтерді сапалы даярлаудың басты шарты ретінде ескерілді. Осыған сәйкес конференцияны ұйымдастырушылар қатарына Астана қаласындағы №72 мектеп-лицейі қосылып, іс-шара осы білім беру мекемесінің базасында өткізілді.

Абай атындағы ҚазҰПУ-дың философия докторы (PhD), қауымдастырылған профессор Бақыт Салманұлы Тоқмұрзаев алғысөзінде бұл конференцияның алғашқы рет өткізіліп отырғанын және келесі жылдары дәстүрлі түрде жалғасын табатынын атап өтті. 270-ден астам студенттер қатысып отырғанын, 50-ден астам университет және мектептерден педагогтерінің қатысқанын хабарлап, студенттердің ғылыми ізденіске деген қызығушылығын құптады. Сонымен қатар, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуда мұндай шаралардың маңызы зор екенін ерекше атап өтті. №72 мектеп-лицейінің ұжымына және басқа мектептерден келген педагог-сарапшыларға алғысын білдірді.

Бірінші студенттік ғылыми конференция қатысушыларына Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ғылыми жұмыстар бойынша вице-президенті Тәңірбергенова Анар Шынболатқызы құттықтау сөзін жолдады. Білім беру институтының гуманитарлық-жаратылыстану кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Омаров Саят Құсайынұлы, елордалық №72 мектеп-лицейінің директоры Дүйсенова Айман Жұмағалиқызы сөз сөйледі.

Пленарлық отырыс Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық уни-

верситетінің доценті, педагогика ғылымдарының докторы, Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА бас ғылыми қызметкері К.Н. Булатбаеваның төрағалығымен өтті. Онда бірінші курс студенттерінің 8 баяндамасы тыңдалды.

Конференцияда келесі 5 секция жұмыс істеді:

1-секция - «Білім беруді цифрландыру және инновациялық құралдар» (модераторлар PhD докторы, қауымдастырылған профессор Тоқмұрзаев Б.С., магистр, аға оқытушы Балғожина Г.Б.);

2-секция - «Білім беру үдерісін ұйымдастырудың психологиялық аспектілері» (модератор педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Омаров С.Қ.);

3-секция - «Мектеп пәндерін оқыту әдістемесінің өзекті мәселелері» (модератор Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының бас ғылыми қызметкері, география ғылымдарының докторы, профессор Мазбаев О.Б.);

4-секция - «Мектепте білім берудің әлеуметтік мәселелері: тұлғаны әлеуметтендіру» (педагогика ғылымдарының кандидаты, аға оқытушы Күзембаева А.Т., физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент Ақжігітов Е.Ә.);

5-секция - «EduText: ағылшын тілінде педагогикалық мәселелерді талқылау» (модераторлар магистр, аға оқытушы Шайдикерімова Ғ.А., магистр, оқытушы Еркін Д.).

Пленарлық отырыс «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы студенті Айтуғанова Айдананың Абайдың рухани мұрасына арналған «Абай афоризмдері - рухани мұраның қайнар көзі» тақырыбындағы баяндамасымен басталды.

Секциялар жұмысы барысында 123 студенттің 80-ге жуық баяндамалары тыңдалып, жан-жақты талқыланды. Баяндамаларда студенттер функционалдық сауаттылықтарын, кәсіби сөйлеу дағдыларын және білім беру саласындағы өзекті мәселелерге деген сыни көзқарастарын көрсете білді.

Баяндамашылар өздерінің кешегі мектеп оқушысы және бүгінгі болашақ педагогтер көзқарасын ұштастырып, білім берудегі мәселелерге сыни баға беріп, тың идеяларын ортаға салып, оларды негіздей білді.

Студенттер өз баяндамаларында пәндік мазмұн, заманауи оқыту әдістері, инклюзивтік білім беру, бағалау жүйесі, панаралық байланыс, шетелдік тәжірибе, ЖОО мен мектеп арасындағы интеграция және оқушылардың оқу мотивациясын арттыру тақырыптарын жан-жақты талдап, өз кәсіби көзқарастарын ұсынды.

Конференция жұмысына мектеп педагогтері сарапшы ретінде тартылды.

Сараптамалық бағалауды Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКК Білім беру ұйымдарын аттестаттауға әдістемелік сүйемелдеу бойынша бөлім басшысы Есематова Ақбота Бақытқызы, №72, 60, 82 мектеп-лицейлері, №3 мектеп-гимназия, «Х.Ж. Садвакасов атындағы астаналық мектеп», «Alpamys school», Әлихан Бөкейхан атындағы Binom School ұстаздары, педагог-зерттеушілер, докторанттар мен магистранттар жүргізді.

Конференция қорытындысында 38 үздік баяндамашы І, II және III дәрежелі дипломдармен марапатталды. Сонымен қатар, белсенділік танытқан студенттерге арнайы сертификаттар табысталды.

Астана қаласының №72 мектеп-лицейінің директоры Дүйсенова Айман Жұмағалиқызы бірінші курс студенттерінің қалыптасқан шығармашылық қабілеттеріне жоғары баға беріп, болашақта оларды педагогикалық практикаға қабылдауға дайын екенін білдірді.

Ғылыми конференцияның қорытындысы бойынша арнайы Қарар қабылданды.

Болат ЖҰМЫН

АБАЙ АРУЫ МЕН СҰЛТАНЫ

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде ұлттық құндылықтарды насихаттау, жастардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және рухани-мәдени дамуына үлес қосу мақсатында дәстүрлі «Абай аруы мен Сұлтаны» байқауы өткізілді.

Аталған байқау үш кезең бойынша ұйымдастырылды:

«Таныстыру» кезеңінде қатысушылар өздерін және факультеттерін таныстырып, сахна мәдениеті, көркем сөйлеу шеберлігі мен ұлттық болмысты көрсете білді;

«Өнерлі ұрпақ» бөлімінде түрлі өнер түрлерін – ән, күй, би, мәнерлеп оқу арқылы өз таланттарын паш етті;

«Ұлттық таным» кезеңінде қазақ халқының салт-дәстүрі, ұлттық киімдері, тарихы мен әдебиетіне қатысты сұрақтарға жауап беріп, білім деңгейлерін дәлелдеді.

Байқауға университеттің барлық факультеттерінен іріктелген студенттер қатысып, өзара бақ сынасты. Қатысушылардың өнері мен білімін тәжірибелі әділқазылар алқасы бағалады.



Байқау қорытындысы бойынша:

1 орын – «Абай аруы мен Сұлтаны – 2025» атағын Математика, физика және информатика факультетінің студенттері Ғалымжан Жұмағалиев мен Ақмаржан Манжан жеңіп алды;

2 орын – Филология факультетінен Әмір Өмірзақ және Лейла Қабдіжанова;

3 орын – Педагогика және психология факультетінің студенттері Бақдаулет Усеркулов пен Аружан Құмарбек.

Сондай-ақ, байқау аясында бірқатар номинациялар бойынша жүлдегерлер анықталды:

«Абай үміті» – Бекнұр Айхан, Нұрай Сабитқызы (Дене шынықтыру және әскери дайындық факультеті)

«Көрермен көзайымы» – Мирас Құрманғали, Нұрай Даниярқызы (Тарих және құқық факультеті)

«Саналы ұрпақ» – Өркен Ағылман, Сая Сүгірбаева (Жаратылыстану және география факультеті)

«Креативті жұп» – Алтайр Балтабай, Алтынай Байзақ (Сарбонна-Қазақстан институты)

«Айрықша өнер» – Айдос Сейітқали, Әсем Схадияр (Өнер факультеті)

Байқау жоғары деңгейде ұйымдастырылып, студенттердің ұлттық өнерге, мәдениетке деген қызығушылығын арттыруға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға үлкен серпін берді.

Баспасөз қызметі

«ҮРКЕР» ЖӘНЕ «ШЫҢ» ТЕАТРЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬДЕН ЖҮЛДЕЛІ ОРАЛДЫ



және «Шың» студенттік театрлары қатысып, жүлделі I және II орындарды иеленіп қайтты.

Қазақстанның түкпір-түкпірінен 8 студенттік театр қатысқан шарада «Үркер» театры «Абай-Тоғжан» қойылымын сахналаса, «Шың» студенттік театры «Жазығым не менің, мама?» атты қойылымды көрермен назарына ұсынды.

Фестиваль 2 күнге созылды. 1 сәуір күні шараның ашылу салтанаты болып, 4 студенттік театрдың өнер көрсетуімен аяқталды. Бірінші күні «Шың» театры өз қойылымын сахналап, әділқазылар режиссерлік тұрғыда биік бағасын берді. Екінші күні «Үркер» театрының қойылымы да қазылар алқасының ерекше ықыласына бөленді.

Осылайша, «Үркер» театры 8 студенттік театрдың ішінен жүлделі I орынды иеленсе, «Шың» театры II орынды қанжығасына байлады. Сондай-ақ «Шың» студенттік театрының жетекшісі Жомарт Рахымжан «Үздік ер адам бейнесі» номинациясымен марапатталды.

Құттықтаймыз!

 МЕНШІК ИЕСІ: АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ	Бас редактор Болат ШАРАХЫМБАЙ Көркемдеуші-дизайнер Жанар ТАЛҒАТ Акерке ЫСҚАҚ фототілші Серік ИМАНҚҰЛОВ	Редакцияның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30-үй, № 323-бөлме. Байланыс тел.: +7 /727/ 291-37-56 Газет бүкіл республикаға тарайды.	Тапсырыс № 224 Индекс 65285 Таралымы 1000 • Автордың макалалары редакция көзқарасын білдірмейді. • Редакцияға түскен материал қайтарылмайды.	«ҰЛАҒАТ» баспасының баспаханасында басылды Баспа директоры Нұрлан БАЛЫҚОВ Баспаның мекен-жайы: 050010 Алматы қаласы, Қазыбек би көшесі, 30 - үй.
---	---	---	---	--